




Баянауыл ұлттық саябағы.

Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи саябағы 1985 жылы ҚССР Министрлігі қаулысымен құрылған. Баянауыл ауданының аумағында орналасқан, жалпы аумағы 50 688 га құраған. ҚР Үкіметінің қаулысымен 2007 жылы 27 желтоқсанда бақ аумағы кенейтілді. Қазіргі кезде 68 452,8 га құрайды




Баянауыл



- Климаты тым континенттік (жазы - ыстық, қысы суық). Жер бедері жекелеген жақпар тасты тау шоқыларынан тұрады. Баянауыл тауларының етегінде көптеген бұлақтар, суы мөлдір көлдер (Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр) бар. Саябақта 20-дан аса археологиялық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үңгірлер (“Әулиетас”, “Драверт”, “Құмыра”, т.б.) бар.

Ұзақ жылдар бойы жел мен судың әрекетінен түрлі мүсіндерге айналған жартастар (“Найзатас”, “Жұмбақтас”, “Көгершін”, “Атбасы”, т.б.) саябақ табиғатына ерекше көрік береді.



Найзатас тауы.







Жасыбай
көлі.



Тағы бір жаратылыстың кереметі – бұл Кемпір тас жартасы. Бір жағынан, сіз кәрі әйелді, ал екінші жағынан - жас қыздың көрінісін көресіз.

Сабындыкөл.



- «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» аңызында айтылғандай, ару Баян бірде шомылып жүріп, қолындағы сабынын көлге түсіріп алыпты. Осылай көлдің суы жұмсақ, кір ашатын қасиетке ие болыпты. Содан Сабындыкөл деген атауы осыдан шыққан.

Саябақтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемі де алуан түрлі. Өсімдіктердің 400-ден астам түрі

(қарағай, қайың, қандыағаш, таңқурай, мойыл, дола
на, т.б.), сондай-ақ, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген жабысқақ қандыағаш, көктем жанаргүлі де осында өседі. Омыртқалы жануарлардың 100-ден аса түрі кездеседі.

Сүтқоректілердің 40-тан аса түрлері

(арқар, елік, қасқыр, түлкі, сілеусін, борсық, тиін, т. б.) мекендесе, құстардың 50-ден астам түрлері (акку, каз, үйрек, құр, шіл, бүркіт, т.б.) ұялайды.

Арқар, бүркіт, сұңқылдақ акку Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Балықтың 8 түрі (шортан, сазан, оңғақ, алабұға, т.б.) бар.